

**«НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің
қарарымен мақұлданды

2015 жылғы 04.03 № 23 Хаттама



Астана

2015

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Академиялық кеңесінің құрамындағы Білім беру және оқыту жөніндегі комитет (бұдан әрі – Комитет) Академиялық кеңестің кеңесші органы болып табылады. Комитет «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) оқыту және білім беру саласындағы стратегиясына, оқыту және білім беру саласындағы жылдық институционалдық жоспарына, озық тәжірибенің айқындалуына, таратылуына және танылуына бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы саладағы стратегия мен практиканы дамытудың көзі болып табылады.

2. Комитеттің қызметі Университеттің Жарғысына, осы Ережеге және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Миссиясы

3. Комитеттің миссиясы болып табылатындар:

1) білім беру және оқыту мекемесінің стратегиясын Университеттің миссиясына сәйкес айқындау;

2) мекеменің жылға арналған білім беру және оқыту жоспарын айқындау;

3) білім беру және оқыту қағидаттары мен нормативтерін қалыптастыру және тарату үшін жауап беру;

4) білім беру мен оқытудың озық тәжірибесін айқындау, тарату және танылуына қол жеткізу;

5) Университеттің білім беру мен оқытудағы тәжірибесі туралы қалың бұқараны ақпараттандыру;

6) Оқытушы-профессорлар сенатын Университет ішіндегі білім беру және оқыту қызметіне қатыстыру жөніндегі тиімді шаралардың болуын қамтамасыз ету;

7) Студенттерді Университет ішіндегі білім беру және оқыту қызметіне қатыстыру жөніндегі тиімді шаралардың болуын қамтамасыз ету;

8) Комитет білім беру және оқыту саласындағы делдалдықты іске асыра және/немесе ұсыныстарды енгізе отырып, Академиялық кеңес берген өкілеттікке сәйкес іс-қимыл жасауға міндеттенеді. Комитет студенттік тәжірибе үшін пайдалы болатын әртүрлілік пен өзгерістерді қолдай отырып, Университеттің студенттері мен оқытушылар құрамының мүддесінде дәйектілікті және бірыңғай ұстанымды сақтауға міндеттенеді.

3. Функциялары

4. Комитеттің функциялары мыналарды қамтиды:

1) Мектептерден білім беру мен оқыту туралы жыл сайын есеп алу және Мектептер мен Университеттің басқа да органдарына тиісті нұсқаулар беруді қамтамасыз ету;

2) Академиялық кеңеске және Университеттің тиісті комитеттеріне білім беру мен оқыту туралы кезеңдік есептерді дайындау;

3) Университеттің білім беру және оқыту жөніндегі бастамаларға қатысуын басқару;

4) Университетте білім беру мен оқыту жөнінде айқындалған, алдын ала келісілген тақырыптарды алға тарту; және

5) Академиялық кеңеске осы тармаққа қатысты басқа да мәселелер бойынша консультация беру;

6) Университеттің Академиялық кеңесінің нұсқауларына сәйкес өзге де міндеттер мен іс-қимылдарды жүзеге асыру.

7) Комитет Академиялық кеңестің сұрауы бойынша кез келген уақытта өз қызметі бойынша жыл сайын есеп беруге міндеттенеді.

4. Басқару қағидаттары

5. Комитет Академиялық кеңестің шешімімен құрылды.

6. Академиялық істер жөніндегі вице-проректор Комитеттің төрағасы болып табылады.

7. Комитет хатшысы Комитет мүшелерінің арасынан тағайындалады.

5. Комитеттің құрамы

8. Комитет мүшелері оған атқаратын лауазымына қарай кіреді.

Комитеттің дауыс беруге қатысу құқығы бар мүшелері:

1) Академиялық істер жөніндегі вице-проректор;

2) Университеттің әр Мектебінен декандардың академиялық істер жөніндегі орынбасарлары немесе Мектеп декандары ұсынған басқа тұлғалар;

3) Студенттік үкіметтің 2 (екі) өкілі: біреуі бакалаврлар мүддесін, екіншісі магистранттардың мүдделерін білдіреді;

4) Оқытушы-профессорлар Сенатының өкілі;

5) Академиялық сапаны бақылау басшысы немесе оның өкілі;

6) оқыту технологиялары бағытының басшысы немесе оның өкілі; және

7) білім беру және оқыту жөніндегі басшы.

9. Комитет мүшелері Төрағаның орынбасарын тағайындайды.

10. Тағайындалған немесе өкілеттік берілген Комитет мүшелері кез келген уақытта алмастырылады.

6. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

11. Комитет мүшелері Комитет жұмысын ілгерілету үшін оларға тапсырылған тапсырмаларды, міндеттер мен міндеттемелерді орындаулары тиіс.

12. Комитет мүшелері байланыстырушы буын болып табылады және Мектептер мен Университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелеріне ақпаратты таратады.

13. Комитет мүшелерінің мәселелерді Комитеттің қарауына енгізуге және Комитет материалдарын алуға құқығы бар.

7. Рәсімдер

14. Комитет Төрағаның бастамасы бойынша немесе Комитет бекіткен кестеге сәйкес жиналады.

15. Жиналыстар әдетте Университет қауымдастығының барлық мүшелері үшін ашық болады. Жабық жиналыстарға Комитет мүшелері ғана қатысуға құқылы.

16. Жиналыс дауыс беруге қатысу құқығы бар мүшелер санының елу пайызы қатысқанда шешім қабылдауға өкілетті болып танылады.

17. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға дауыс беруге құқылы.

18. Қажет болған жағдайда Төраға арнайы комитеттерді және/немесе ерекше мүдделер топтарын құра алады.

19. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Төрағаның орынбасары атқарады.

8. Есептілік

20. Комитеттің хатшысы Комитеттің барлық жиналыстарының хаттамалары мен күн тәртіптерін қоса алғанда, Комитет қызметі бойынша жазбаша есептерді дайындайды және сүйемелдейді. Осы есептің қағаз көшірмесі Провост Офисінде сақталады.

APPROVAL SHEET/ КЕЛІСУ ПАРАҒЫ/ЛИСТ СОГЛАСОВАНИЯ

Learning and Teaching Committee bylaws
 Білім беру және оқыту жөніндегі комитет туралы ереже
 Положение о Комитете по обучению и преподаванию

Item/ Атауы/ Наименование	Structural subdivision/ Құрылымдық бөлімшенің атауы/ Наименование структурного подразделения	Name and signature of a responsible person, date of approval/ Т.А.Ж., жауапты тұлғаның қолы, визаның қойылған күні Ф.И.О., подпись ответственного лица, дата визирования	Position, name and signature of a resp., date of approval / Лауазымы, Т.А.Ж., нақты орындаушының қолы, визаның қойылған күні/ Должность, Ф.И.О., подпись конкретного исполнителя, дата визирования
	Мем. тілге удару /перевод на гос. язык/translation in to state language Іс қағаздарын жүргізу және аударма қызметі басқармасы Управление делопроизводства и переводческих услуг Department of Documentation Management and Translation Services		